



## Облыстық сайыстан жүлдемен оралды

**Ыбырай Алтынсарин атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдерге арналған кітапханада қазақтың көрнекті ақыны, ойшылы әрі ағартушысы Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасына арналған «Шәкәрім оқулары» атты облыстық әдеби байқауы өткізілді.**

жеңімпаздар дипломмен марапатталды, барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды. Оқушыларды дайындаған ұстаздар да алғыс хаттармен марапатталды.

IV Республикалық «Шәкәрім оқулары» байқауына Арқалық қаласы,

Ш. Уәлиханов атындағы № 1 жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Гүлбазар Төлеу кезекті байқауда бағын сынап, жүлделі II орынға ие болды!

Гүлбазарды осынау тамаша жетістігімен құттықтаймыз! Білім

Байқаудың негізгі бағыты – ақынның шығармашылығын кеңінен насихаттау, өскелең ұрпақтың туған тілге, төл әдебиет пен поэзияға деген сүйіспеншілігін ояту.

Ереже бойынша қатысушылар Шәкәрім Құдайбердіұлының 20 өлеңін мәнерлеп, жатқа оқып, ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап берді. Байқауға кітапхана оқырмандары, ата-аналар мен оқытушылар қатысты. Облыстық кезеңде 1, 2, 3 орын алған

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! ҒЫЛЫМ биігінде қанатың талмай, бұдан да биік белестерді бағындыра беруіңе тілектеспіз!

Сондай-ақ, оқушының бойындағы талантын ұштап, жеңіске жетелеген жетекшісі Асел Капароваға алғыс білдіреміз!

Ұстаздың еңбегі жанып, шәкіртінің мерейі үстем бола берсін!

**Сандуғаш  
ЕСМАҒАМБЕТОВА,  
№ 2 ОӘҒК  
балалар  
бөлімінің  
меңгерушісі**